

ӘОЖ 37.015.3
ҒТАМР 14.07.01.**МІНЕЗ ТИПТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ
ЖӘНЕ ЖАДЫНДА САҚТАУ МҮМКІНДІКТЕРІ****Ш.Е. Байбекова¹**¹*Аймақтық әлеуметтік–инновациялық университеті,
Шымкент, Қазақстан***Аңдатпа**

Мақалада оқушылардың мінез типтеріне байланысты танымдық және жадында сақтау мүмкіндіктері нәтижесі сарапталынды. Барлық оқушыларды мінез типтері бойынша бөлгенде: сангвиниктер үлесі – 37,5%, холериктер – 14,8%, флегматиктер – 20,4%, меланхолик – 12,5% және аралас мінез типтегілер – 14,8% құрады. Білім деңгейі төмен оқушылардың жоғарғы үлесі – 27,3% меланхоликтер арасында анықталса, ал осындай оқушылардың төменгі үлесі – 9,0% сангвиник типтілерде байқалды. «Сангвиник» мінез типтегі оқушылар «Баяндау» және «Танымдық бақылау» оқу форматтары бойынша жоғары үлгерім көрсетсе, «меланхолик» мінез типтегі оқушылар тек қана «Практикалық тапсырма» оқу форматтары бойынша жоғары үлгерім көрсетті. Мұнда сангвиниктер арасында жадында сақтау деңгейлері жоғары оқушылар үлесі 37,5% құраса, осы көрсеткіш меланхоликтер арасында небары 20,1% құрады.

Түйінді сөздер: мінез типтері, сангвиник, холерик, меланхолик, танымдық қаблет, білім деңгейі, жадында сақтау, оқушылар.

**ВОЗМОЖНОСТИ СОХРАНЕНИЯ ПАМЯТИ И
ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ
В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ТИПА ХАРАКТЕРА****Байбекова Ш.Е.¹**¹*Региональный социально–инновационный университет,
Шымкент, Казахстан***Аннотация**

В статье проанализированы результаты познавательных и запоминающихся возможностей учащихся в зависимости от типа поведения. В разрезе всех учащихся по типам поведения доля сангвиников составила – 37,5%, холериков – 14,8%, флегматиков – 20,4%, меланхоликов – 12,5% и типов смешанного характера – 14,8%. Высокая доля учащихся с низким уровнем знаний была определена среди меланхоликов – 27,3%, а низкая доля таких учащихся – 9,0% отмечена на сангвинических типах. Учащиеся типичного типа «Сангвиник» показали высокую успеваемость в учебных форматах «доклад» и «познавательный контроль», а учащиеся типичного типа «меланхолик» показали высокую успеваемость только в учебных форматах «практическое задание». Здесь среди сангвиников доля учащихся с высоким уровнем памяти составляет – 37,5%, среди меланхоликов – всего 20,1%.

Ключевые слова: типы поведения, сангвиник, холерик, меланхолик, познавательные способности, уровень знаний, память, учащиеся.

**PRESERVATION OF MEMORY AND COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS,
DEPENDING ON THE TYPE OF CHARACTER****Sh. Baibekova¹**¹*Regional Social and Innovative University, Shymkent, Kazakhstan***Abstract**

The article analyzes the results of cognitive and memorable opportunities of students depending on the type of behavior. In the context of all students by type of behavior, the proportion of sanguine was 37,5%,

choleric – 14,8%, phlegmatic – 20,4%, melancholic – 12,5% and types of mixed character – 14,8%. The high proportion of students with low level of knowledge was determined among melancholics – 27,3%, and the low proportion of such students – 9,0% was noted in sanguine types. Students of a typical type «Sanguine» showed high academic performance in educational formats «report» and «cognitive control», and students of a typical type «melancholic» showed high academic performance only in educational formats «practical task». Here, among sanguine students, the share of students with a high level of memory is – 37,5%, among melancholics – only 20,1%.

Key words: types of behavior, sanguine, choleric, melancholic, cognitive abilities, level of knowledge, memory, students.

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі: Холерик типтегі тұлғалар эмоциялық көңілкүйге берілуі өте жылдам, сезім күйлері тұрақсыз, күйгелек адам. Табан астында қызып кетіп, күйіп – піседі, ашуланса зорға басылады. Өздері оқыс қылықтарына қарамастан, жігерлі, пысық және іс – әрекет атқаруға бейімді келеді. Жұмысқа кіріскенде құмарта беріліп, екпінмен істейді, сөйлегенде анық, әсерлі, мәнерлеп жеткізеді [1, 2].

Флегматик типтегі тұлғалардың эмоциялық қозуы әлсіз, қызуланып желікпейді, ашуланбайды, көңіл – күйлері тұрақты және ол ұзақ уақытқа сақталады. Көңіл күйі баяу өзгереді, жарқырап қуануы да, жабырқап қайғыруы да қиын, аз қозғалады, сылбыр, керенау қимылдайды, сезім күйлерін дене қимылдарын айқын білдіріп тұрмайды, мимикасы, өзге қимылдары мәнерсіз [1, 2].

Меланхоликтік типтегі тұлғалар эмоциялық көтерілуі табанды, күшті, тұрақты болады, сыртқы көрінісі әлсіз келеді. Әр нәрседен ауыр әсер алады, олар бойын билеп, санасында терең із қалдырады, көңіл – күйлері бір қалыпты ұзақ сақталады, мінезі баяу өзгереді, көңілі көбінесе жабырқау, кейде қайғылы да болады [1, 2].

Іске бірден кірісіп кетпейді, егер кіріссе, іс – әрекетін толық аяқтап шығады. Меланхолик бала сыпайы, момақан, жасқаншақ келеді, біреу сұрақ қойса, қысылып, ұялып қалады, ренжіп қалса көпке дейін ұмытпайды. Ойынға бірден қосылып кетпейді, жатырқап тұрады, кешігіп барып қатысады, іске де бірден кіріспейді. Ал бір бастап кетсе, ойынды да, жұмысты да аяқтап шығады [3].

Зерттеу әдістері

Зерттеу нысаны Шымкент қаласының № 28 жалпы орта білім беру мекемесінде оқушыларға жаратылыстану пәнін оқытудың педагогикалық үдерісі. Сауалнама бойынша арнайы сұрақтар арқылы барлық 88 оқушының мінез типтері анықталды. Мұнда оқушылар өздерінің ішкі сезімі бойынша өзінің қайсы мінез типіне жататынын анықтайды. Зерттеу жұмысының әдісіне: мұғалімдер мен оқушыларға тақырып бойынша сауалнама жүргізу, нормативтік құжаттарды сараптау, қолданыстағы оқу құралдары мен көрнекіліктерді талдау, статистикалық тәсіл қолдану арқылы тәжірибе материалдарын өңдеу, жалпы педагогикалық әдістер қолданылады.

Зерттеу нәтижелері

Тәжірибе жұмыстары Шымкент қаласы №28 орта мектеп жоғары сыныптарда оқитын оқушылар алынды. Тәжірибеге 88 оқушы қатыстырылды. Алғашқы кезеңде оқушылардың мінез типтері бойынша жіктелуі сарапталынды (Кесте 1)

Кесте 1 Оқушылардың мінез типтері бойынша жіктелуі

Көрсеткіштер	п	Мінез типтері				
		Сангвиник (белсенді, сабырлы, тез ікемделеді)	Холерик (Белсенді, қызба, икемделу орта)	Флегматик (енжар, сабырлы, өзгеруі қиын	Меланхолик (сылбыр, қорқақ, оқшай жүреді)	Аралас тип
Саны	88	33	13	18	11	13
Пайыз есебімен	100%	37,5	14,8	20,4	12,5	14,8

Мұнда, зерттеуге қатысқан барлық оқушыларды мінез типтері бойынша талдағанда, олардың арасында 37,5% (33 оқушы) сангвиник мінез типіне жатқызылса, олардың 14,8% (13 оқушы) холерик мінез типіне, 20,4% (18 оқушы) флегматик мінез типіне, ал 12,5% (11 оқушы) меланхолик мінез типіне және 14,8% (13 оқушы) аралас мінез типіне жатқызылды

Темперамент – жек тұлғаның жалпы мінездемесі, ол адамның барлық іс–әрекетінен көрініп тұрады. Мінез типтері әркімді оқушылардың білім деңгейі бойынша жіктелуі сарапталынды (Кесте 2).

Кесте 2 Мінез типтері әркімді оқушылардың білім деңгейі бойынша жіктелуі

Мінез типтері	п	Білім деңгейі (п=88)		
		Жоғары	Орта	Төмен
Сангвиник (белсенді, сабырлы, тез ікемделеді)	33	15	15	3
	100%	45,5	45,5	9,0
Холерик (белсенді, қызба, икемделуі орта)	13	3	7	3
	100%	23,1	53,8	23,1
Флегматик (енжар, сабырлы, өзгеруі қиын)	18	5	10	3
	100%	27,8	55,6	16,6
Меланхолик (сылбыр, қорқақ, оқшау жүреді)	11	2	6	3
	100%	18,2	54,5	27,3
Аралас типтегі оқушылар	13	4	6	3
	100%	30,8	46,2	23,0
Жалпы көрсеткіш	88	29	44	15
	100,0%	33,0	50,0	17,0

Білім деңгейі төмен оқушылардың жоғарғы көрсеткіші 27,3% меланхоликтер арасында анықталса, ал осындай оқушылардың төменгі көрсеткіші 9,0% сангвиник типтілерде байқалды. Зерттеуде білімі орташа деңгейдегі оқушылар үлесі барлық типтегі білімгерлер арасында жоғары болды – 45,5 –55,6%.

Мінез типтері әркімді оқушылардың сабақ өту форматтарына байланысты үлгерім дәрежелері. Мінез типтері әркімді оқушылардың сабақ өту форматтарына байланысты үлгерім дәрежелері анықталды. Мұнда сабақ өту форматтары: баяндау, танымдылық бақылау, практикалық тапсырма, реферат жазу, дидактикалық тапсырмалар негізінде өткізілді (Кесте 3).

Кесте 3 Мінез типтері әркелкі оқушылардың сабақ өту форматтарына байланысты
үлгерім дәрежелері

Сабақ өту форматтары	Мінез типтері				
	Сангвиник	Холерик	Флегматик	Меланхолик	Аралас тип
Баяндау	жоғары	жоғары	орта	орта	Орта
Танымдылық бақылау	жоғары	орта	төмен	орта	Орта
Практикалық тапсырма	орта	төмен	жоғары	жоғары	Орта
Реферат жазу	орта	орта	орта	төмен	Орта
Дидактикалық тапсырма	орта	орта	жоғары	төмен	Орта

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «Сангвиник» мінез типтегі оқушылар сабақ өту форматтарына байланысты үлгерім дәрежелері басқа топтармен салыстырғанда нәтижелі болды. Олар «Баяндау» және «Танымдық бақылау» оқу форматтары бойынша жоғары үлгерім көрсетсе, ал «Практикалық тапсырма», «Реферат жазу» және «Дидактикалық тапсырма» бойынша орта дәрежедегі үлгерімге жетті.

«Меланхолик» мінез типтегі оқушылар сабақ өту форматтарына байланысты үлгерім дәрежелері басқа топтармен салыстырғанда төмені болды. Олар тек қана «Практикалық тапсырма» оқу форматтары бойынша жоғары үлгерім көрсетсе, ал «Реферат жазу» және «Дидактикалық тапсырма» бойынша төмен дәрежедегі үлгерімге жетті. Мұнда «Аралас» мінез типтегі оқушылар барлық оқу форматтары бойынша орта үлгерім көрсетті.

Бақылау топтарындағы мінез типтері әркелкі оқушылардың дидактикалық материалдарды қолданбаған кезіндегі жадында сақтау деңгейлерінің көрсеткіштері талданды (Кесте 4).

Кесте 4 Бақылау топтарындағы мінез типтері әркелкі оқушылардың дәстүрлі әдіспен
оқытылғанда жадында сақтау деңгейлерінің көрсеткіштері

Мінез типтері	п	Жадында сақтау деңгейлері		
		Жоғары	Орта	Төмен
Сангвиник (белсенді, сабырлы, тез икемделеді)	16	6	8	2
	37,5%	37,5	50,0	12,5
Холерик (Белсенді, қызба, икемделуі орта)	7	2	4	1
	14,8%	28,6	57,1	14,3
Флегматик (енжар, сабырлы, өзгеруі қиын)	9	3	5	1
	20,4%	33,3	55,6	11,1
Меланхолик (сылбыр, қорқақ, оқшау жүреді)	5	1	3	1
	12,5%	20,0	60,0	20,0
Аралас типтегі оқушылар	7	2	4	1
	14,8%	28,6	57,1	14,3
Жалпы көрсеткіш	44	14	24	6
	100,0%	31,8	54,6	13,6

Мұнда сангвиниктер арасында жадында сақтау деңгейлері жоғары оқушылар үлесі 37,5% құраса, осы көрсеткіш меланхоликтер арасында небары 20,1% болды. Ал жадында сақтау деңгейлері төмен оқушылардың жоғары көрсеткіші 20,1%

меланхоликтер арасында анықталды, жады көрсеткіші осындай оқушылардың аз үлесі 11,1% флегматиктер ішінде байқалды.

Тәжірибе топтарындағы мінез типтері әркелкі оқушылардың дидактикалық материалдарды қолданғаннан кезінде жадында сақтау деңгейлерінің көрсеткіштері сарапталынды (Кесте 5). Мұнда негізінен холерик және меланхолик мінез типтегі оқушылар арасында өзгеріс байқалды. Атап айтқанда холерик және меланхолик мінезді оқушылар арасында жоғары деңгейде есте сақтау қаблетті оқушылар үлесі – 16,6% (33,3%) артты. Сонмен бірге, олардың арасында жадында сақтау деңгейлері төмен оқушылар үлесі де 16,6% (33,3%) азайды.

Кесте 5 Мінез типтері әркелкі оқушылардың дидактикалық материалдарды қолданғаннан кезінде жадында сақтау көрсеткіштері

Мінез типтері	П	Жадында сақтау деңгейлері		
		Жоғары	Орта	Төмен
Сангвиник (белсенді, сабырлы, тез икемделеді)	17	7	8	2
	38,7%	41,2	47,0	11,8
Холерик (Белсенді, қызба, икемделу орта)	6	2	3	1
	13,6%	33,3	50,0	16,7
Флегматик (енжар, сабырлы, өзгеруі қиын	9	2	5	2
	20,5%	22,2	55,6	22,2
Меланхолик (сылбыр, қорқақ, оқшай жүреді)	6	2	3	1
	13,6%	33,3	50,0	16,7
Аралас типтегі оқушылар	6	2	3	1
	13,6%	33,3	50,0	16,7
Жалпы көрсеткіш	44	13	22	9
	100,0%	29,5	50,0	20,5

Тәжірибе топтарындағы мінезі сангвиник, флегматик, аралас типтегі оқушылардың дидактикалық материалдарды қолданғаннан кезінде жадында сақтау деңгейлерінің көрсеткіштері бастапқы деңгейінде сақталды.

Қортынды

Жаратылыстану пәндерін оқытуда оқушылардың танымдық қасиеттерінің қалыптастыруда дидактикалық материалдардың орнын ғылыми тұрғыдан айқындау және оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелденді. Оқыту процессі кезінде сабақ тақырыбына байланысты дидактикалық материалдарды жаңа форматта пайдаланудың методологиялық тұрғыдан нақтыланды.

Әдебиет:

1. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: В 2 т. – Т. 2. М.: Педагогика, 1989. – 328 б.
2. Жарыкбаев Қ. Психология. – Алматы, 1993. – 158 б.
3. Кульневич С.В. Педагогика личности: Учеб. пособие. Часть 1.– Ростов на Дону, 1995. – 167 б.